


ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ»  
КАФЕДРАСЫ

«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық»  
кафедрасының 2024-2025 оқу жылғы тәлімгерлерлік  
тәрбие жұмыстарының жарты жылдық

ЕСЕБІ

«Бекітемін»  
Спорт және өнер факультетінің деканы

  
А. Рахымжанов  
2024ж. «30» \_\_\_\_\_



«Келісілді»

Дене тәрбиесі және бастапқы әскери  
дайындық кафедрасының меңгерушісі

  
Б.Ахмедов

2024ж. « 30 » 12 \_\_\_\_\_

Аға тәлімгер, аға оқытушы

  
А.Асанов

## **1. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бағыты бойынша.**

Бүгінгі таңда университет студенттеріне әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, студенттердің рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру және университет қабырғасында әр студенттің тәрбиелік мәдениеттілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру университеттің тәрбие жұмыстарының ережесінің міндетіне айналып, бүгінгі студенттердің тәрбиесіне зор үміт артып отыр.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының тәрбие жұмыстарының жоспарынды университетте ережесіндегі негізгі басты мақсатын айқындап қойған.

## **2. Мәдени, тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралар бағыты бойынша.**

«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы оқу (БӘД-111, БӘД-211, ДӘД-311, 312 және 313, ДӘД-411, 412 және БӘД-411) топтарында атқарылатын тәлімгерлік жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді. Студенттердің әлеуметтік жағдайымен танысып, топтағы белсенді студенттер тағайындалды. Студенттердің сабаққа уақтылы кешікпей келуін, сабақ үстінде материалды мұқият тыңдап, жазып отыруы қадағаланды. Студенттердің киім кию мәнері, адамгершілік, имандылық, көпшілік ортада өзін ұстау, тіл байлығын жоғарылату, жоғары білімді азаматтың көпшілік алдындағы парызы сияқты мәселелерге жиі тоқталып, тәрбие сағатында қарастырылып отырды. Тарихи маңызы бар мұражайлар, ескерткіштер туралы студенттерге түсініктеме тәрбие сағатында айтылып отырды. Барлық топтарда әр айда екі рет тәрбие сағаты жоспар бойынша өткізілді. Студенттер №481 бұйрықпен таныстырылып, сессияның өтілу барысымен таныстырылды.




### **«1-қыркүйек - білім күніне» арналған топ эдвайзерлерінің студенттермен тәрбие сағаты**

«1-қыркүйек - білім күніне» арналған топ эдвайзерлер студенттермен тәрбие сағатын өткізді, атап айтқанда ДӘД-411 тобының эдвайзері Орынбасар Нұрғиса, ДӘД-412 тобының эдвайзері Дүйсенов Қалдыбек Қынабаевич, БӘД-411 тобының эдвайзері Қуанышбаев Бахытжан Жанадилович, ДӘД-311 тобының эдвайзері Қойшыбаев Арман Балтабаевич, ДӘД-312 тобының эдвайзері Кекилбекова Мейрамкуль Касимовна, ДӘД-313 тобының эдвайзері Асанов Алмазхан Шакенович, БӘД-211 тобының эдвайзері Кекилбекова Мейрамкуль Касимовна, БӘД-111 тобының эдвайзері Мамбеталиев Серибай Тортаевич.

Күн тәртібінде студенттермен танысып, әр студенттің жағдайын сұрап, сабаққа қатысу деңгейін жоғары болуы жеткізілді. Студенттерді «1-қыркүйек Білім күнімен» құттықтап, алдағы оқу жылында оқуда биік шыңдардан көріне берулеріне және университетіміздің, факультеттің, кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысуларын талап етілді. Сонымен қатар, университеттің тәрбие жұмысы бойынша жоспары, оқу үдересі және ішкі тәртібімен таныстырылды.

**Фото есеп:**


БӘД-211, ДӘД-312 топтарының эдвайзері Кекилбекова Мейрамкуль Касимовна.



• ДӘД-411 тобының эдвайзері Орынбасар Нұрғиса




ДӘД-412 тобының эдвайзері Дүйсенов Қалдыбек Қынабаевич



БӘД-411 тобының эдвайзері Қуанышбаев Бахытжан Жанадилович



БӘД-111 тобының эдвайзері Мамбеталиев Серибай Тортаевич



ДӘД-311 тобының әдвайзері Қойшыбаев Арман Балтабаевич



ДӘД-313 тобының әдвайзері Асанов Алмазхан Шакенович



**«Есірткіге, нашақорлыққа қарсы болуға және  
салауатты өмір салтын ұстануға шақырады» атты кездесу**  
5.09.2024ж. сағ. 15:00  
Түркістан қаласы  
Өтетін орын: Мәдениет сарайы

Түркістан облысы полиция департаментінің – Еліміздің жастарын «Есірткіге, нашақорлыққа қарсы болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады» атты тақырыпта Қ.А.Яссау атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттерімен 5.09.2024ж. сағ. 15:00 кездесу өтті. Бұл кездесуге «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасынан «Спорт және өнер факультеті деканының 5.09.2024 жылғы №3 өкімі негізінде ДӘД-412 тобы және сол топ эдвайзері аға оқытушы Дүйсенов Қалдыбек Қынабаевич қатысты.

Түркістан облысы полиция департаментінің өкілдері төмедгеніні жеткізді:

Есірткіні қолдануға итермелейтін себептер бірдей - зерігу, стресс, өмірдің бос болуы және жаңа нәрсені көруге деген ұмтылыс.


Көбінесе мұндай сезімдерді есірткі алу мүмкіндігі жоғары жерлерде – мысалы, түнгі клубтарда үнемі кездесетін адамдар сезінеді.

Мұндай ортада темекі шегу мен алкогольді тұтыну ғана емес, сонымен қатар есірткі қабылдау да қалыпты жағдайға айналады. Сондықтан, «өзіндікі» болу үшін адам компания үшін психоактивті заттарды сынап көруі керек, бұл жүйелі қолданумен аяқталуы мүмкін.

Өйткені, нашақорлық - бұл, ең алдымен, адамның жалпы зақымдануы, және, әрине, физикалық денсаулықтың асқынуларымен бірге жүреді, кейде жалпы өлімге әкеледі. Есірткі жеке адамның физикалық және рухани жағдайын толығымен бақылап, тежей алады.

Нашақорлықтың таралуының алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар: Мемлекеттік деңгейде есірткіге тәуелділіктің алдын алу екі компоненттен тұрады:

- есірткінің таралуын шектеу жөніндегі шаралар;
- бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік институттар қамтамасыз ететін есірткіге қарсы насихат.



## «Адал сағатын» өткізу

13.09.2024ж. сағ. 10:00

Түркістан қаласы

Өтетін орын: Кітәпхана орталығының конференция залы

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен және Х.А.Яссау атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығымен бірлесе отырып «Адал сағаты» тақырыбында кітәпхана орталығының конференция залында кездесу өткізілді.

– Еліміздің жастарын «Есірткіге, нашақорлыққа қарсы болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады» атты тақырыпта Х.А.Яссау атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттерімен 5.09.2024ж. сағ. 15:00 кездесу өтті. Бұл кездесуге «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасынан «Спорт және өнер факультеті деканының 5.09.2024 жылғы №3 өкімі негізінде ДӘД-311 тобы және сол топ эдвайзері аға оқытушы Қойшыбаев Арман Балтабаевич қатысты.

Кездесу «Адалдық сағаты» жобасы аясында өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауды күшейту.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі аспектілері, оның ішінде негізгі алдын алу шаралары жан-жақты талқыланды.

Іс-шараға қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қатысты өзекті мәселелермен және проблемалармен танысуға, сондай-ақ мұндай әрекеттердің ықтимал құқықтық салдарын зерделеуге мүмкіндік алды.

Осындай іс-шаралар кәсіби этиканы ілгерілетуде маңызды рөл атқарады және біздің жұмысымызда ашықтық пен заңның үстемдігіне ұмтылысымызды көрсетеді.



## Республика күніне орай өткізілген «Әнұран» челленджі

24.10.2024ж. сағ. 10:00



Түркістан қаласы

**Өтетін орын:** Қ.А.Яссау атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3-ші ғимарат алдындағы алаң.

Бүгін Қ.А.Яссау атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3-ші ғимарат алдындағы алаңда университет студенттері мен профессор-оқытушы құрамы және университетіміздің ректоры Темірбекова Жанар Амангелдіқызы және Әлеуметтік-мәдени даму вице ректоры Төлегенов Еділ Мейірбекұлының бастауымен 25 қазан - Республика күні орай «Әнұран» челленджі ұйымдастырылды.

Әнұран - мемлекетіміздің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұранымыз әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуына ерекше әсерімен жыр бесігінде тербетіп, еліне, жеріне, халқына деген мақтаньшын оятады. Әнұранды орындау - қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке тұлғамызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі.

«Әнұран» шырқау челленджіне алдыңғы қатарында «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының профессор-оқытушы құрамы және студенттері тұрды.



**«Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық»  
кафедрасының доценті, педагогика ғылымдырының кандидаты,  
ұлағатты ұстаз Оразбаев Ерғали Дүйсенбекұлын еске алуға арналаған  
студенттер арасында волейболдан жарыстың қорытындысы**

Университетімізде 2024 жылдың 30 қазан – 1 қараша аралығында екі күн бойы п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ерғали Оразбаевты еске алуға арналған волейболдан турнир өтті. Айтулы іс-шараны «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы ұйымдастырды.

Жарыстың ашылу салтанатына оқытушы-профессорлар мен студенттер және Ерғали Оразбаевтың отбасы мүшелері мен бауырлары қатысты.

Жарыстың мақсаты мен міндеттері:

1. Салауатты өмір салтын студенттер арасында кеңінен насихаттау;
2. Спорттық іс-шараларды өткізу арқылы студенттерді Отансүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу.
3. Жастарды спортқа деген қызығушылығын арттырып денсаулығын нығайту.
4. Волейболдан студенттер арасында құрама командасын жасақтау.

Турнир алдында қонақтарға ас беріліп, марқұмның әруағына «Құран» сүрелері бағышталды.

Ерғали Оразбаев – 2002-2023 жылдары университетімізде қауымдастырылған профессор қызметін атқарған ардагер ұстаз. 50-ден астам ғылыми, оқу бағыттары бойынша еңбектің авторы. Талай шәкіртті спортқа баулып, дәріс берген ардақты оқытушы.

Турнирдің мақсаты – студенттерді адамгершілікке, әдептілікке баулу. Ұстаздар қауымына сый құрметпен қарап, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Жиында сөз бастаған Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Еділ Төлегенов: «Бүгінгідей турнирлерді өткізу бір жағынан жақсы іс болғанымен, екінші жағынан «Өттең-ай!» дейміз. Ерғали Оразбаев ағайымыздың арамыздан ерте кеткені жанымызға батады. Бүгін, міне, әріптестері мен туыстары және студенттері еске алу турирін өткізуі ұстазға көрсеткен үлкен құрмет деп білеміз! Біз ұстаздың есімін ардақтап, ешқашан ұмытпаймыз!», - деді.

Келесі кезекте, марқұмның інісі де өзінің ізгі тілегін арнап: «Ағамызды еске алу мақсатында жыл сайын осындай турнир өткізу дәстүрге айналады деп сенеміз. Осы ойынды өткізуге атсалысқан барша ұйымдастырушыларға және кафедра ұжымына алғыс айтамыз! Қатысушы командаларға сәттілік тілейміз!», - деді.

Айта кетейік, Ерғали Оразбаев волейболшы болғандықтан, осы спорт түрінен турнир ұйымдастырылды. Спорттық дода да 9 факультет пен «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледж командалары өзара бақ сынады.

Жарыс «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедра меңгерішісі Ахмедов Бахытжаның басшылығымен, кафедраның профессор-оқытушы құрамы: профессор Сейдахметов Ермек, аға оқытушылар Дүйсенов Қалдыбек, Нұржан Қалиев, Арман Қойшыбаев, Серібай Мамбеталиев, Нұрғиса Орынбасар, Алмазхан Асановтармен ұйымдастырылды.

Турнирге төрешілікті аға оқытушы Дүйсенов Қалдыбек пен «Дене мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы Төлбасиев Нартай жасады. Турнир барысында қанаттанбағандар болған жоқ.



Жарыс нәтижесі бойынша Кентау командасы 1-орынды жеңіп алды. Ал, 2-орынды Спорт және өнер факультеті иемденсе, «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледжі 3-орынға табан тіреді.

1ші орынға, кубок, ойыншыларға медаль, 30.000 тенге және волейбол добы;

2ші орынға, кубок, ойыншыларға медаль 20.000 тенге және волейбол добы;

3ші орынға, кубок, ойыншыларға медаль, 10.000 тенге және волейбол добы сыйлар табысталды.

Жеңімпаз атанған командаларды шын жүректен құттықтаймыз!



Аға тәлімгер: аға оқытушысы А.Асанов